

Бекітемін:
«Нұр-Балауса» бөбекжай балабақшасы ЖШС
Менгерушісі:  Мухамедиярова С.К.



**ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ӘДЕП ЖӨНІНДЕГІ КЕҢЕСТІҢ
ЖҰМЫС ЖОСПАРЫ**

2025-2026 ОҚУ ЖЫЛЫ

№	Отырыс тақырыбы	Қатысушылар санаты	Аяқталу нысаны
ҚЫРКҮЙЕК			
1	1.Педагогикалық этика және Кеңесті құру туралы ережені қарау және бекіту. 2.Педагогтердің өзінің кәсіби міндеттерін орындау кезіндегі сыртқы келбеті. 3.Педагогикалық этика нормалары мен ережелерін сақтау міндеті.	Кеңес мүшелері	Хаттама
ЖЕЛТОҚСАН			
2	1.Жеке фотосуреттер мен бейнелерді көпшілік алдында жариялау кезінде этикалық нормаларды сақтау. 2.Педагогикалық әдеп және педагогикалық тактика. 3.Педагогикалық әдеп және сөйлеу мәдениеті.	Кеңес мүшелері	Хаттама
НАУРЫЗ			
	1.Білім беру процесінің барлық	Кеңес	Хаттама

3	катысушыларымен қарым-катынаста педагогтердің педагогикалық этиканы сақтауын мониторингтеу. 2. Іскерлік ойын «Тәртіп не үшін қажет» Заңды сақтаудың артықшылығы. 3. Еңбек тәртібін нығайту, педагогикалық әдепті бұзушылықтардың алдын алу бойынша ұсынымдар жасау.	мүшелері	
МАУСЫМ			
4	1. Кеңес мүшелерінің 2025-2026 жылғы қызметін талдау. 2. МДҰ басшысына педагогтерді көтермелеу туралы ұсыныстар енгізу.	Кеңес мүшелері	Хаттама

Түркістан облысы, Ордабасы ауданы, Берген ауылы
«Нұр-Балауса» бөбекжай балабақшасы ЖШС

Бұйрық №1

30.08.2025 жыл

Берген ауылы

«Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес құру туралы»

Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрінің 2020 жылғы 11 мамырдағы №190 бұйрығының талаптарына сай құрылған педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестердің жұмыстарын жүргізу, Сайрам аудандық білім бөлімінің 09.03.2021 жылғы №234 сандық хаты негізінде **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Нұр-Балауса» бөбекжай балабақшасы ЖШС-нің педагогикалық «әдеп жөніндегі кеңес» ұйымына мына төмендегі мүшелер тағайындалсын.

Кеңес төрайымы: С.К.Мухамедиярова


Білім бөлімі әдіскер: Абжалалова Шамшия Қалданқызы

«Нұр-Балауса» бөбекжай балабақшасы әдіскері: С.К.Мухамедиярова

Ата - ана комиссия төрағасы: Танабай Шапағат Алтайқызы

Хатшы: С.К.Туганбаева

2. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

«Нұр-Балауса» бөбекжай балабақшасы ЖШС
меңгерушісі:  С.К.Мухамедиярова



Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес отырысының

№ 1 хаттамасы

Берген ауылы

29 тамыз 2025 жыл

Қатысқандар:

Педагогикалық әдеп кеңес төрайымы: **С.К.Мухамедиярова**

Педагогикалық әдеп кеңесінің мүшелері: Туганбаева С

Барлық педагогтар: Тулегенова Н, Дуйсенбекова Г., Тургунова Л, Омарова Б, Қалдарқызы А

Күн тәртібінде:

1. Педагогикалық этика және Кеңесті құру туралы ережені қарау және бекіту.

Кеңес төрайымы: **С.К.Мухамедиярова**

2. Педагогтердің өзінің кәсіби міндеттерін орындау кезіндегі сыртқы келбеті.

Кеңес мүшесі: Туганбаева С

3. Педагогикалық этика нормалары мен ережелерін сақтау міндеті.

Кеңес мүшесі: Туганбаева С

Тыңдалды:

1. Бірінші сұрақ бойынша педагогикалық әдеп кеңес төрайымы

Қайырлы күн бүгінгі педагогикалық әдеп кеңесінің отырысына қатысушылар.

Педагогикалық этика және Кеңесті құру туралы ережемен таныстырып өтейін. Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес білім беру ұйымдарында педагогтердің педагогикалық әдепті сақтауы мәселелерін қарайтын алқалы орган болып табылады.

Кеңес өз қызметін «Білім туралы», «Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңдарына, осы Қағидаларға, өзге де нормативтік құқықтық актілерге сәйкес жүзеге асырады және объективтілік пен әділдік, әдептілік, қоғамдық пікір мен жариялылықты есепке алу қағидаттарын басшылыққа алады.

Кеңестің негізгі міндеттері: білім беру ұйымдарында педагогикалық әдепті сақтауды қамтамасыз ету; педагогикалық әдепті бұзуға ықпал еткен себептер мен жағдайларды талдау;

педагогтердің тәртіптік жауапкершілігі туралы мәселені дұрыс қарау үшін қажетті және жеткілікті мән-жайларды жан-жақты, толық және объективті зерттеу болып табылады.

Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің ұсынымдарын орындау бойынша тиісті шаралар қабылдамаған лауазымды тұлғалардың жауапкершілігін қарау туралы ұсыныстармен құзыретті мемлекеттік органдарға немесе лауазымды тұлғаларға, білім беру ұйымының құрылтайшыларына жүгінуге құқылы.

Кеңес отырысы: егер оған Кеңес мүшелерінің жалпы санының кемінде үштен екісі қатысса, заңды деп саналады, қажеттілігіне қарай, бірақ тоқсанына кемінде бір рет өткізіледі. Кеңес мүшелері оның отырыстарына ауыстыру құқығынсыз қатысады.

Сонымен қатар кеңестің міндетіне педагогтардың тәртіптік істерін қарау кіреді. Тәртіптік істерді қарау қортындысы бойынша Кеңес келесі шешімдердің бірін шығара алады: білім беру ұйымының басшысына педагогке тиісті тәртіптік жаза қолдануды немесе қолданбауды ұсыну; тәртіптік істі тоқтату.

Екінші сұрақ бойынша кеңес мүшесі бөбекжай педагогі ; Туганбаева С

Педагог өзінің кәсіби міндеттерін орындау кезіндегі сыртқы келбетіне баса назар аудару керек. Әр балаға жол сілттеп, оның бойына жақсы қасиеттер сіңіретін бірден-бір жан болса, ол – ұстаз. «Шәкірттің жақсы болмағы –ұстазынан» деп дана халқымыз айтқандай, тәрбиеші балаларды білім нәрімен сусындатып, қолынан келгенін үйретіп, бағыт-бағдар беріп қана қоймай, сыртқы келбетімен, киім киісімен, өзін ұстау әдебімен үлгі бола білуі тиіс. Себебі, балалар педагогтің біліміне ғана емес, жоғарыда аталған қасиеттеріне де ерекше көңіл бөліп, тәлім алады. Түстерді дұрыс үйлестіре білген жөн. Педагог киіміндегі құптауға лайық түстер ақ және қара түс болып есептеледі. Сонымен қатар ақ сары, қошқыл көк, қоңыр түстерді де қолдануға болады. Өте ашық түстер аталған салада ерсі көрінеді. Педагогтің шаш үлгісі өзіне жарасымды болғаны дұрыс. Психологтардың пайымдауынша, өз келбетінің артықшылығын толықтырып, кемшілігін жасыра білетін адамдарды айналасындағылар жоғары жетістікке жеткен, өзіне сенімді тұлға ретінде қабылдайды.

Педагог мамандығына сай талғаммен киініп, ұқыпты келбетімен үлгі бола отырып, ішкі жан-дүниесінің көркемдігімен, шәкірт жанын ұғына алар кеңпейіл мінезімен көрінуі керек. Адамдар үйлесімділікке баса назар аударатынын есте сақтаңыз. Мәселен, қалай болса солай жасалған шаш үлгісі талғамға сай жейдеңіздің сәнін кетіреді.

Осы нәрселерді шебер үйлестіре білген білікті педагог балаларды білім нәрімен сусындатып қана қоймай, өскелең ұрпақтың өзіне қарап дұрыс бой түзеуіне, тұлға болып қалыптасуына септігін тигізеді. Жас мамандарға топқа басқа адам кіріп келгенде педагогке орнынан тұрып сәлемдесуге кеңес берді. Бөбекжай ішінде әрқашан сәлемдесіп жылы шырай танытуға міндетті деп сөзін аяқтады .

Үшінші сұрақ бойынша кеңес мүшесі бөбекжай тәрбиешісі Омарова Б

Педагог ата-аналармен, балалармен және әріптестерімен әңгімелесу кезінде педагогикалық этика нормалары мен ережелерін сақтау міндетті. Чаттардағы қарым-қатынастың қарапайым нормаларына тоқталып, мессенджерлер жіберу туралы бірқатар мысалдар келтірді. Жеке сұрақтарыңызбен жалпы алқалық чатқа араластырмауды ескертті. Сөйлеу кезінде этикалық нормаларды ұстауға кеңес берді.

Ұстаз этикасы – педагог пен бала, ата-ана мен педагог арасындағы қарым-қатынас. Педагогикалық этика – ұжым ішінде, педагогтер арасында басталып, өзінің заңды жалғасын топтарда табуы тиіс. Моральдық тәрбие – жан-жақты және үйлесімді дамыған адамды қалыптастырудың пәрменді құралы. Адамгершілікке тәрбиелеу ісінің тек өзіне ғана тән ерекшеліктері мен заңдылықтары болғандықтан, оның ғылыми негізделген жүйесі жасалуға тиіс. Бұл маңызды да құрметті міндет педагогика және этика ғылыми өкілдерінің ынтымағы нәтижесінде ғана жүзеге асуы мүмкін. Кәсіптік этиканың ережелері мен принциптері бірнеше кәсіптерді қамтуы мүмкін. Мысалы, педагог этикасы мектепке дейінгі ұйымдарды, мектептерді, орта арнаулы және жоғары оқу орындарында істейтін адамдардың қарым-қатынастары ұқсастығына байланысты оларды реттейтін жалпы нормаларды қарастырады.

Кеңес шешімі:

Педагогтардың өз әрекеттері үшін жауапкершілігін арттыру.

Педагогтің өзінің кәсіби міндеттерін орындау кезіндегі сыртқы келбеті назарға алынсын.

Педагогтермен педагогикалық этика нормалары мен ережелерін сақтау туралы дөңгелек үстелдер өткізілсін.

Кеңестөрайымы:  С.К.Мухамедиярова

Хатшы:  Туганбаева С



Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес отырысының

№ 2 хаттамасы

Берген Исаханов ауылы

15 желтоқсан 2025 жыл

Қатысқандар:

Педагогикалық әдеп кеңес торайымы: С.К.Мухамедиярова

Педагогикалық әдеп кеңесінің мүшелері: С. Туганбаева

Барлық педагогтар: Г.Талибова, С. Туганбаева, Н. Тулегенова, Б. Омарова, Л. Тургунова

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Жеке фотосуреттер мен бейнелерді көпшілік алдында жариялау кезінде этикалық нормаларды сақтау.
2. Педагогикалық әдеп және педагогикалық тактика.
3. Педагогикалық әдеп және сөйлеу мәдениеті.

БІРІНШІ МӘСЕЛЕ БОЙЫНША:

Тыңдалды:

Баяндамада педагогтердің әлеуметтік желілерде және басқа да ақпараттық платформаларда жеке фотосуреттер мен бейнематериалдарды жариялау кезінде педагог мәртебесіне сай мінез-құлық танытуы, білім беру ұйымының беделіне нұқсан келтіретін материалдарды орналастырмауы, кәмелетке толмағандардың құқықтарын сақтауы және жеке деректерді қорғау талаптарын орындауы қажеттігі атап өтілді.

Қаулы:

1. Педагогтерге әлеуметтік желілерде этикалық нормаларды қатаң сақтау ұсынылсын.
2. Білім алушылардың фотосуреттері мен бейнематериалдарын жариялау кезінде заң талаптары мен ата-аналардың келісімін басшылыққа алу тапсырылсын.
3. Ақпараттық қауіпсіздік және педагогикалық әдеп мәселелері бойынша түсіндіру жұмыстары тұрақты жүргізілсін.

ЕКІНШІ МӘСЕЛЕ БОЙЫНША:

Тыңдалды:

Баяндамада педагогикалық әдеп қағидаларын сақтау, білім алушылармен, ата-аналармен және әріптестермен қарым-қатынаста педагогикалық такт таныту, кәсіби этика талаптарын орындау мәселелері қарастырылды.

Қаулы:

1. Педагогикалық әдеп қағидаларын сақтау бойынша жұмыстар жалғастырылсын.
2. Педагогтерге қызметтік міндеттерін орындау барысында педагогикалық такт пен кәсіби мәдениетті басшылыққа алу ұсынылсын.
3. Ұжымда өзара сыйластық пен қолайлы моральдық-психологиялық ахуалды қалыптастыруға бағытталған іс-шаралар ұйымдастырылсын.

ҮШІНШІ МӘСЕЛЕ БОЙЫНША:

Тыңдалды:

Баяндамада педагогтің сөйлеу мәдениеті, мемлекеттік тіл нормаларын сақтау, білім алушылармен қарым-қатынаста әдепті және сауатты сөйлеудің маңыздылығы айтылды.

Қаулы:

1. Педагогтердің сөйлеу мәдениетін жетілдіру бойынша жұмыстар жүргізілсін.
2. Мемлекеттік тілдің әдеби нормаларын сақтау және ресми қарым-қатынаста сауатты сөйлеу талаптары қатаң сақталсын.
3. Педагогтердің кәсіби коммуникация мәдениетін арттыруға бағытталған әдістемелік іс-шаралар өткізілсін.

Төраға:  С.К. Мұхамедиярова

Хатшы:  С. Туганбаева



Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес отырысының

№ 3 хаттамасы

Берген Исаханов ауылы

17 наурыз 2025 жыл

Қатысқандар:

Педагогикалық әдеп кеңес торайымы: С.К.Мухамедиярова

Педагогикалық әдеп кеңесінің мүшелері: С. Туганбаева

Барлық педагогтар: Г.Талибова, С. Туганбаева, Н. Тулегенова, Б. Омарова, Л. Тургунова

КҮН ТӘРТІБІ

1. Білім беру процесінің барлық қатысушыларымен қарым-қатынаста педагогтердің педагогикалық этиканы сақтауын мониторингтеу.
2. Іскерлік ойын: «Тәртіп не үшін қажет?» Заңды сақтаудың артықшылықтары.
3. Еңбек тәртібін нығайту, педагогикалық әдепті бұзушылықтың алдын алу бойынша ұсынымдар жасау.

БІРІНШІ МӘСЕЛЕ БОЙЫНША

Тыңдалды:

Баяндамашы білім беру процесіне қатысушылармен (тәрбиеленушілер, ата-аналар, әріптестер) қарым-қатынас барысында педагогтердің педагогикалық этика талаптарын сақтауына жүргізілген мониторинг нәтижелерімен таныстырды. Мониторинг барысында педагогтердің кәсіби әдебі, қарым-қатынас мәдениеті, қызметтік міндеттерін орындау сапасы қарастырылды.

Қаулы:

1. Педагогтердің педагогикалық этика нормаларын сақтау деңгейі қанағаттанарлық деп танылсын.
2. Педагогикалық әдеп қағидаларын сақтау бойынша түсіндіру жұмыстары тұрақты жүргізілсін.
3. Педагогтердің кәсіби мәдениетін арттыру мақсатында семинарлар мен кеңестер ұйымдастырылсын.

ЕКІНШІ МӘСЕЛЕ БОЙЫНША

Тыңдалды:

Қатысушылар арасында «Тәртіп не үшін қажет?» тақырыбында іскерлік ойын өткізілді. Ойын барысында еңбек тәртібін сақтау, заң талаптарын орындау, кәсіби жауапкершілік және ұжымдағы өзара сыйластық мәселелері талқыланды.

Қаулы:

1. Іскерлік ойынның тәжірибелік маңызы атап өтілсін.
2. Заң талаптарын сақтау және ішкі тәртіп ережелерін орындау әр қызметкердің міндеті екендігі түсіндірілсін.
3. Ұжым мүшелерінің құқықтық сауаттылығын арттыру бойынша жұмыстар жалғастырылсын.

ҮШІНШІ МӘСЕЛЕ БОЙЫНША

Тыңдалды:

Еңбек тәртібін нығайту және педагогикалық әдепті бұзушылықтың алдын алу мақсатында бірқатар ұсыныстар қарастырылды.

Қаулы:

1. Еңбек тәртібін сақтау бойынша бақылау күшейтілсін.
2. Педагогикалық әдеп кодексінің талаптарын сақтау әр педагогтің жеке жауапкершілігі екендігі ескертілсін.
3. Педагогикалық әдепті бұзудың алдын алу мақсатында профилактикалық жұмыстар жүйелі түрде жүргізілсін.
4. Ұжымда қолайлы моральдық-психологиялық ахуалды қалыптастыруға бағытталған іс-шаралар ұйымдастырылсын.

Төраға:

 С.К.Мухамедиярова

Хатшы:

 С. Туганбаева



Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес отырысының

№ 4 хаттамасы

Берген Исаханов ауылы

01 маусым 2026 жыл

Қатысқандар:

Педагогикалық әдеп кеңес торайымы м.у.а: Дуйсенбекова Г.Н

Педагогикалық әдеп кеңесінің мүшелері: С. Туганбаева

Барлық педагогтар: Г.Талибова, С. Туганбаева, Н. Тулегенова, Б. Омарова, Л. Тургунова

КҮН ТӘРТІБІ

1. Кеңес мүшелерінің 2024–2025 оқу жылындағы қызметін талдау.
2. Мектепке дейінгі ұйым басшысына педагогтерді көтермелеу туралы ұсыныстар енгізу.

БІРІНШІ МӘСЕЛЕ БОЙЫНША

Тыңдалды:

Баяндамашы Әдеп кеңесінің 2024–2025 оқу жылындағы жұмыс қорытындылары туралы ақпарат берді. Кеңес мүшелерінің педагогикалық әдеп нормаларын сақтау, ұжымда қолайлы моральдық-психологиялық ахуал қалыптастыру, профилактикалық жұмыстар жүргізу және педагогтердің кәсіби мәдениетін арттыру бағытында атқарған жұмыстары талданды.

Сөз сөйледі: Еркебаева А

Қаулы:

1. Әдеп кеңесінің 2024–2025 оқу жылындағы қызметі қанағаттанарлық деп танылсын.
2. Кеңес мүшелерінің педагогикалық әдепті сақтау мен нығайту бағытындағы жұмыстары оң бағалансын.
3. Келесі оқу жылында педагогикалық әдептің алдын алу және түсіндіру жұмыстарын жалғастыру ұсынылсын.

ЕКІНШІ МӘСЕЛЕ БОЙЫНША

Тыңдалды:

Педагогтердің оқу жылы барысында кәсіби қызметтегі жетістіктері, педагогикалық әдепті сақтауы, қоғамдық жұмыстарға белсенді қатысуы және білім беру ұйымының дамуына қосқан үлесі қарастырылды.

Қаулы:

1. Кәсіби міндеттерін сапалы орындаған, педагогикалық әдеп талаптарын үлгілі сақтаған педагогтерді көтермелеу туралы мектепке дейінгі ұйым басшысына ұсыныс енгізілсін.
2. Көтермелеуге ұсынылатын педагогтердің тізімі бекітілсін.
3. Педагогтердің кәсіби жетістіктерін насихаттау және ынталандыру жұмыстары жалғастырылсын.

Төрағасы:  **С.К.Мухамедиярова**

Хатшы:  **С. Туганбаева**

